

# Қаржы нарығының сарапшыларына сауалнама жүргізу

ҚАЗАҚСТАН  
ҚАРЖЫГЕРЛЕР  
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ  
ФИНАНСИСТОВ  
КАЗАХСТАНА

наурыз 2026

# Резюме

- ✓ Ақпан айында айлық инфляцияның жеделдеуі аясында (қаңтардағы 1,0%-дан 1,1%-ға дейін) қаржы нарығы қатысушыларының базалық мөлшерлеме бойынша алдағы шешімге қатысты болжамдары екіге бөлінді.
- ✓ Сарапшылардың басым бөлігі (82%) жұма күні, 6 наурызда, базалық мөлшерлеме ағымдағы 18,0% деңгейінде сақталады деп күтеді. Қалған респонденттер оның көтерілуін болжайды.
- ✓ Мөлшерлеменің өзгеріссіз қалуына қатысты басым күтулерге қарамастан, ағымдағы инфляциялық динамиканың жеделдеуі наурыздағы отырыс қорытындысы бойынша реттеуші органның неғұрлым қатаң риторика ұстану ықтималдығын арттыруы мүмкін.
- ✓ Күшейіп келе жатқан инфляциялық қысымды ескере отырып, сарапшылардың бір жылдан кейінгі базалық мөлшерлеме бойынша болжамдары өткен айдағы 16,25%-дан 16,75%-ға дейін жоғары қарай қайта қаралды.
- ✓ Бұл ретте, бір жылдан кейін сарапшылар инфляцияның 11,4% деңгейіндегі екі таңбалы мәнін күтеді, бұл орта мерзімді көкжиекте салыстырмалы түрде қатаң ақша-несие саясатын ұстап тұру қажеттілігін көрсетеді.
- ✓ Осы жағдайлар аясында экономикадағы нақты пайыздық мөлшерлеменің бір жылдан кейін ағымдағы 6,3%-дан 5,35%-ға дейін біртіндеп төмендеуі күтілуде, бұл ақша-несие арнасы тарапынан ұлттық валютаны қолдаудың біршама әлсіреуіне әкел соғады.

- ✓ Ұлттық валюта бағамына қатысты болжамдар жүйедегі жоғары пайыздық мөлшерлемелер, олардың неғұрлым ұзақ мерзімге сақталуы туралы күтулер, Ұлттық банк пен квазимемлекеттік сектор (КМС) субъектілерінің операциялары аясындағы шетел валютасын айырбастаудың тұрақты көлемі, резидент еместердің ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарына (МБК) қаражат ағынының жалғасуы және тауар-шикізат нарығындағы бағаның өсуі аясында қатарынан жетінші ай бойы жақсаруын жалғастыруда.
- ✓ Бір айдан кейін USD/KZT бағамы 508,2 ₸/\$ (бұрын 509,6) деңгейінде болады деп болжануда, ал бір жылдық көкжиекте орташа бағалау 542,1 ₸/\$-ды (бұрын 544,7) құрайды.
- ✓ Сонымен қатар, қатаң қаржылық жағдайлардың сақталуы, макропруденциалдық реттеудің қатайтылуы және бюджеттік ынталандырудың біртіндеп қысқартылуы экономикалық белсенділікке тежеуші әсер етуі мүмкін. Бір жылдан кейін ЖІВ өсімі ақпан айындағы 5,0% көрсеткішімен салыстырғанда 4,8% деңгейінде болжанады.
- ✓ Brent маркалы мұнайдың бір жылдан кейінгі күтілетін орташа бағасы Таяу Шығыстағы өршіп бара жатқан әскери қақтығыстар салдарынан жеткізілімдердің іркілуіне қатысты қауіптердің әсерінен жоғары қарай, барреліне 71,5 долларға (бұрын 61,8) дейін қайта қаралды. Бұл фактор ОПЕК+ елдері тарапынан шикізаттың жаһандық ұсынысының артуына қатысты күтулерден басым түсетіні анық.

## Қысқа мерзімді күту (1 ай)

USDKZT

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ

**508,2**  
₸/\$

**18,0%**

жұптың орташа курсы  
USDKZT сәуір  
айының басында

респонденттердің 82%-ы  
6 наурыздағы отырыста базалық  
мөлшерлеменің сақталуын күтеді

## Орта мерзімді күту (12 ай)

BRENT

USDKZT

ЖІӨ

**71,5**  
\$/bbls

**542,1**  
₸/\$

**4,8%**

БАЗАЛЫҚ  
МӨЛШЕРЛЕМЕ

ИНФЛЯЦИЯ

НАҚТЫ  
МӨЛШЕРЛЕМЕ

**16,75%**


**11,4%**

**5,35%**

### USDKZT курсының динамикасы (2025 — болжам 2027)



### Инфляция динамикасы (2025 — болжам 2027)



ҚҚҚ наурыз айында болжамды раундқа қатысқан барлық респонденттерге алғыс білдіреді.



### ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

Бұл нәтижелер инвестициялық ұсыныс болып табылмайды және тәуелсіз сарапшылардың пікірлерін көрсетеді, сондай-ақ ұсынылған ұйымдардың ресми пікірі болып табылмайды. ҚҚҚ, сондай-ақ осы зерттеуге қатысушылар осы шолуда ұсынылған болжамдар үшін уақыттың нақты бір сәтінде сараптамалық пайымдаулардан аспайтын қандай да бір жауапкершілік көтермейді.

Қаржы және тауар нарықтарындағы бағаның өзгеруі табиғаты мен әсері бойынша әлемде болып жатқан көптеген оқиғалардың салдары болып табылады. Болжау өзектілігін бірден жоғалтуы мүмкін бірқатар болжамдарды қамтиды. Жоғарыда айтылғандарға байланысты ҚҚҚ көпшілік алдында айтылған кез келген болжамдарға тиісті сақтықпен қарауды ұсынады.